КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 30 сәуір №4360-25-00-2/723 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕР:**
«МАҚСАТ ТОҚАЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшы өкілі Д.М.Махамбет
Жауапкер өкілі Б.Т.Алтынбек

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2025 жылғы 4 ақпанда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №124Т/ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - Шарт) жасалған. Шарттың жалпы сомасы 3 236 298 теңгені құраған.

Шарттың №1 қосымшасына және 3.1.-тармағының 11-тармақшасына сәйкес жауапкер «болт Б5» 2 дана, «дюбель 5» 47 бума, «қалпақты сомын» 110 дана тауарларын 2028 жылғы 8 наурызға дейін жеткізуге тиіс болған.

Шарттың 8.1-тармағына сәйкес Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен 2025 жылғы 17 наурызда сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынбаған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, бүгінгі күні Шарт біржақты бұзылғанын, сондықтан тауарды қабылдай алмайтынын мәлімдеп, талабын қанағаттандыруды сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жауапкер өкілі сот отырысында тауардың бір бөлігі жеткізілгенімен тапсырыс беруші ақысын төлемегенін, сондықтан қалған бөлігін жеткізбегенін мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Шарттың 3.1. тармағының 12-тармақшасына сәйкес, жауапкер 16 күнтізбелік күн ішінде тапсырыс берушінің жазбаша өтінімі негізінде тауарды жеткізу жүзеге асырылады.

Сот отырысында анықталғандай, тапсырыс беруші жауапкерге келісім-шарт бойынша тауарларды жеткізуге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 2025 жылғы 20 ақпанда тапсырыс хаты жолдаған. Тауар жеткізу мерзімі - 2025 жылғы 8 наурыз. Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тауарларды көрсетілген мерзімде және Шарттың қолданылу мерзімі аясында толық жеткізбеген. Яғни, жауапкермен шарт бойынша өз міндеттемесі тиісті түрде орындалмаған. Бүгінгі күні Шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 17 наурызда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 12.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының «МАҚСАТ ТОҚАЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «МАҚСАТ ТОҚАЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «МАҚСАТ ТОҚАЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 12.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 24.06.2025

4360-25-3-1/735